

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 28 қараша N 1773 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
1) < * >

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.06. N 981 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 28 қарашадағы

N 1773 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 ақпандағы N 173 қаулысына :

1-тармақтың 7) және 8) тармақшаларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 34-жолдың 2-бағанындағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның

айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер (сырадан басқа) импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 263-құжат):

3-тармақтың екінші абзацында "Алкогольді" деген сөз "Акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімнің (сырадан басқа) импортын лицензиялаудың тәртібінде:

3-тармақтың екінші абзацында "Алкогольді" деген сөз "Акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген Тәртіпке 1 және 2-қосымшаларда 20-тармақта "Алкогольді" деген сөз "Акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):

4-тармақта "министрлігінің" деген сөзден кейінгі "Алкогольді" деген сөз "Акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 5-қосымшасында:

"Сусындарды өндіру кезінде пайдаланылатын хош иісті заттардың негізіндегі өнімдерден басқа, құрамдас спирттік жартылай фабрикаттар	2106 90 200	Мемкірісминінің Алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті" деген жолда:
--	-------------	---

3-бағанда "Алкогольді" деген сөз "Акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын.